

Павлодар облысында ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген, сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2026 жылғы 24 ақпандағы № 250/28 шешімі

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 22 тамыздағы " Ауызсуды беру жөніндегі қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метріне төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 306 бұйрығына (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 36700 болып тіркелген) сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар облысында ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген, сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауыз судың бір текше метріне қосылған құн салығын ескере отырып 177,14 теңге мөлшерінде төлемақы мөлшері бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

И. Теренченко